	<p><b>Жемістер мен көкөністер</b>  <b>Мақсаты:</b> Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, дұрыс қолдануды үйрету.  <b>Міндеті:</b>  Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. тапқақтар жаттату  Балаларға жемістер мен көкөністер туралы қысқа тапқақ жаттату  <b>Мақсаты:</b> олардың тіл байлығын арттырады.  <b>Ойын: "Сөйлемдерді интонациясы бойынша ажырату"</b>  <b>Мақсаты:</b> Сөйлемдерді интонациясы бойынша дұрыс ажырату және сөйлеу дағдыларын жетілдіру.  <b>Құралдар:</b> Жемістер мен көкөністер туралы қысқа сөйлемдер.  <b>Ойынның ережесі:</b>  балаларға жемістер мен көкөністер туралы бірнеше сөйлемдер оқиды. Әр сөйлемнің интонациясын балалар анықтап, сол интонациямен айту керек. Хабарлы сөйлем: "Қарбыз</p>	<p>жол ережелерін үйрету.  <b>Ойын барысы:</b>  Балалар екі топқа бөлінеді: бір топ көлік құралдары болып, екінші топ – жолаушылар.  "Жол" белгіленген алаңда жүру ережелері түсіндіріледі: "қызыл түс – тоқтау", "жасыл түс – жүру" және т.б.  Көліктер жолаушыларды белгілі бір бағытқа апару керек. Олар белгілі бір көлік түрін таңдауы керек. Жолаушылар көліктерге отырғызылады және жол ережелерін сақтай отырып, көлік құралдары қозғалады.  Ойын кезінде көліктердің әр түрі арнайы тапсырмаларды орындап жүреді (мысалы, автобус балаларды апарды, жүк көлігі тасымалдауды орындайды).  Ойын соңында жол ережелерін сақтаудың маңыздылығы мен көшеде қауіпсіз жүрудің қажеттілігі туралы әңгіме жүргізіледі.  <b>Көркем әдебиет</b>  <b>Қыс</b>  Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту..  <b>Мнемокест арқылы</b>  <b>«Қыс» өлеңін жаттау</b></p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b>  <b>Ұлттық қимылды ойындарды</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларға ұлттық қимылды ойындар арқылы дене шынықтыру дағдыларын қалыптастыру  <b>Міндеті:</b> Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.  Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.  <b>Ойын: "Асық ату"</b>  <b>Мақсаты:</b> Балалардың ұлттық ойындарға қызығушылығын арттыру, ойлау және дәлдік дағдыларын дамыту.  Құралдар: Асықтар, белгіленген аймақ немесе нысан.  <b>Ойынның ережесі:</b>  Балалар екі топқа бөлініп, асықтарды белгіленген нысанға ату керек. Әр бала кезекпен асық атып, оны белгіленген жерге түсіруге тырысады. Бұл ойын балалардың дәлдік, ұтқырлық, ойлау қабілеттерін және ынтымақтастыққа деген қызығушылығын арттырады.</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды, таза дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру.  <b>Міндеті:</b> Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.  <b>Ойын 1: "Жануарлар әлемі" (Дидактикалық ойын)</b>  Мақсаты: Қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету.   <b>Ойынның барысы:</b>  Дайындық: Балаларға үй жануарлары мен жабайы жануарлардың суреттері немесе ойыншықтары көрсетіледі.  Ойын тәртібі: Мұғалім немесе тәрбиеші балаларға жануарларды атайды және олардың атауларын дұрыс айтуға шақырады.  Балалар жануарларды атап, осы жануарлардың атауларындағы қазақ</p>	<p>композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.  <b>Мүсіндеу/</b> Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау  <b>Құрастыру</b>  Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту  <b>Дене тәрбиесі</b>  Гигиена  Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтаудағы қалыптастыру.</p>
--	---	--	---	--	---

	<p>үлкен және тәтті."</p> <p>Сұраулы сөйлем: "Қарбыз тәтті ме?"</p> <p>Лепті сөйлем: "Қарбыз қандай дәмді!"</p> <p><b><u>Дене тәрбиесі</u></b></p> <p><b>Секіру</b></p> <p>Мақсаты:</p> <p>Балалардың секіру дағдыларын дамыту, дене қозғалыстарының үйлесімділігін арттыру, баланс пен координацияны жетілдіру.</p> <p><b>Міндеті:</b>Алға айналдыраотырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыраотырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктенсекіру,20 сантиметрдейінгібиіктіктікке секіру.</p> <p><b>1. "Арқанмен секіру"</b></p> <p>Бұл ойын балалардың секіру техникасын және үйлесімділігін дамытады.</p> <p><b>Құралдар:</b> Қысқа және ұзын секіргіштер.</p> <p><b>Ойынның ережесі:</b></p> <p>Оқушылар екі түрлі секіргішті пайдалана отырып, секіруге қатысады.</p> <p>Бірінші кезекте балаларға секіргішті қолымен айналдырып, оның астынан секіруге тапсырма беріледі.</p> <p>Әр бала кезекпен секіріп, ойын кезінде дұрыс</p>	<p><b>Тіл ұстарту жаттығуы:</b></p> <p>Ыс-ыс-ыс – келіп жетті қыс.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b></p> <p><b>«Кімге не керек?»</b> (ойлау қабілетін дамыту) Шарты: қыста киетін қыздар мен ұлдардың киім түрлерін іріктейді. Педагог қорытынды жасайды.</p> <p>Сұрақтар қою арқылы іс-әрекетін пысықтау.</p> <p>Яз-яз-яз – сақылдаған сары аяз.</p> <p><b><u>Музыка</u></b></p> <p>«Бақытты балалық» әні: Ә.Бейсеов, сөзі: Ә.Дүйсеков</p> <p><b>Мақсаты:</b> Би қимылдары мен музыканы үйлестіре отырып, балаларды шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p><b>Міндеті:</b>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Мәтінге сәйкес әнді сахналау арқылы балалардың сахналық қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>Құралдар:</b> «Бақытты балалық» әнінің әуені, сахна декорациясы (қажет</p>		<p>тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға тырысады. Әр жануарды айтқанда мұғалім немесе тәрбиеші балалардың тыныс алуын бақылап, дұрыс артикуляция жасауға көмектеседі.</p> <p>Ойын 2: "Жануарлармен серуен" (Қимылды ойын)</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту арқылы артикуляциялық аппаратты, тілдің икемділігін дамыту.</p> <p>Ойынның барысы:</p> <p>Мұғалім балаларға үй жануарлары мен жабайы жануарлардың аттарын атауды сұрайды. Балалар сол жануарлардың әрекеттерін мимикамен немесе қимылмен көрсетуі керек.</p> <p><b>Музыка</b></p> <p>«Бақытты балалық» әні: Ә.Бейсеов, сөзі: Ә.Дүйсеков</p> <p>Мақсаты: Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту, ән мәтініне сәйкес би қимылдарын орындау, шығармашылық тапсырмалар арқылы балалардың өзін-өзі көрсетуін ынталандыру.</p> <p>Міндеті: Таныс би</p>	
--	---	--	--	---	--

<p><b>Вариативтік компонент</b></p>	<p>координация жасап, секіргіштің астынан қауіпсіз өтуді үйренеді. Бұл жаттығу балалардың қимыл үйлесімділігі мен секіру жылдамдығын арттырады. <b>2. "Сызықтан секіру"</b> Бұл ойын балалардың оң және сол аяқтарын алмастыра отырып, секіру дағдыларын дамытады. <b>Құралдар:</b> Жерге тартылған сызықтар немесе арқан. <b>Ойынның ережесі:</b> Балалар сызықтан немесе арқаннан оң және сол аяғымен секіріп өтулері керек. Тапсырма ретінде әр бала сызық арқылы немесе арқанның үстінен әр аяғын кезек-кезек қойып секіруді орындайды. Бұл ойын балалардың тепе-теңдікті сақтап, әртүрлі секіру қимылдарын дұрыс жасауға дағдыландырады.</p> <p><i>Ертегілер елі</i> <b>Тақырыбы:</b> «Үйшік» <i>ертегісі</i> <b>Мақсаты:</b> Балалардың тілдерін байыту және білімдерін кеңейту.</p>	<p>болса). <b>Ойынның ережесі:</b> Балалар әннің мәтініне сәйкес сахналық қойылымды орындап көреді. Әннің сөздері мен әуенін балаларға таныстырып, оларды сахналау үшін өз рөлдерін таңдап алуға шақырамыз. Әннің сөздеріне сай қол қимылдары, дене қозғалыстары және бет-әлпет арқылы эмоцияларды білдіруді үйретеміз. Балалар әнді орындап, сахнада өз эмоцияларын көрсетіп, музыкалық шығармашылықта белсенділік танытады. Бұл ойын балалардың сахналық шеберліктерін және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.</p>		<p>қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Ойын 1: «Әнмен би билеу» Мақсаты: Балаларға әннің мәтініне сәйкес би қимылдарын орындау арқылы музыкалық сезімталдықты дамыту. Ойынның барысы: Әнді тыңдау: Балалар «Бақытты балалық» әнін тыңдайды. Әннің музыкасының сипатына назар аудару қажет: әуеннің көңілді, қуанышты екендігін аңғаруға тырысу.</p> <p>Қимылдарды көрсету: Мұғалім әннің әр бөлігіне сәйкес би қимылдарын көрсетеді. Әр қимыл әннің мәтініне және музыкасына сәйкес келеді.</p>	
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>«Үнемді тұтыну» Суды үнемдеу Неге суды үнемдеу маңызды? Су — тіршіліктің негізі. Біз</p>	<p>«Үнемді тұтыну» Құбырларды, крандарды тексеріп отырыңыз. Құбырларда немесе</p>	<p>«Үнемді тұтыну» Шыны немесе стаканмен су ішу. Шүмектен су ішпе</p>	<p>«Үнемді тұтыну» Жуыну кезінде суды үнемдеу. Душ қабылдағанда суды</p>	<p>«Үнемді тұтыну» Су толтырылған ыдыстарды қайта қолдану. Су өсімдіктерді суаруға өте қолайлы, оны да үнемдеп</p>

	оны үнемдеп пайдалану арқылы табиғатқа көмек көрсетеміз. Сонымен қатар, судың тапшылығы мәселесі бүкіл әлемде маңызды болып тұр. Үнемді су пайдаланудың қарапайым жолдарын апта бойы түсіндіру	крандарда ағып жатқан су табиғатқа зиян келтіреді. Бұған жол бермей, ағып кеткен суды тез арада жою керек.		ағызып қоймай, қажет мөлшерде ғана пайдалану	қолдануға болады.
<b>Серуен</b>	<p><b>№ 1 картотекасы.</b>  <b>Бақылау: Ауа райындағы өзгерістерді бақылау,</b> қарды бақылау.  Еңбек: Ауласыпырушының еңбегін бақылау, оларға көмектесу.  Жеке жұмыс: Жұрттың бәрі оны сүйеді, Бірақ оған қарағысы келмейді. Қимылды ойын: «Алдар көсе»  Мақсаты: Ойын арқылы ұлттық сана – сезімін қалыптастыру.  Өзіндік іс – әрекет: Ауласыпырушыға қолдарынан келгенше көмектесу.</p>	<p><b>№ 2 серуен картотекасы.</b>  <b>Бақылау: Ауа райындағы өзгерістерді бақылау,</b> қарды бақылау.  Еңбек: Ауласыпырушының еңбегін бақылау, оларға көмектесу.  Жеке жұмыс: Жұрттың бәрі оны сүйеді, Бірақ оған қарағысы келмейді.  Қимылды ойын: «Алдар көсе»  Мақсаты: Ойын арқылы ұлттық сана – сезімін қалыптастыру. Өзіндік іс – әрекет: Ауласыпырушыға қолдарынан келгенше көмектесу.</p>	<p><b>№ 3 серуен картотекасы.</b>  <b>Бақылау: Жауған қарды алақандарына салып бақылау (түсі, пішіні, қатты, жұмсақ)</b>  Еңбек: Ауласыпырушының еңбегіне араласу, сыпыруға көмектесу.  Жеке жұмыс: Санамақтар айту.  Жаттау жаттату: Аппақ көше, бар дала Аппақ ой мен қыраттар Ақ шатырлы қар қала Ақ жамылып тұр бақтар Қимылды ойын: «Күн мен түн», шана тебу  Өзіндік іс – әрекет: Балаларды шапшаңдыққа баулу</p>	<p><b>№ 4 серуен картотекасы:</b>  <b>Бақылау: Қыстап қалған құстарды бақылау</b>  (қара қарға, сауысқан, торғай, ұзақ қарға, көгершін)  Еңбек: Құстарға жем шашу, қамқорлыққа алу.  Жеке жұмыс: Тікен – тікен тік пісте Қысы – жазы бір түсте (Шырша)  Қимылды ойын: «Аю мен құлпынай», «Өз үйінді тап»  Өзіндік іс – әрекет: Балаларды зейінді болуға үйрету.</p>	<p><b>«Қауіпсіздік сабағы»</b>  <b>№ 6 САБАҚ. «ҮЙДЕГІ ҚАУІПТІ ЗАТТАР»</b>  Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларды үйдегі қауіпті заттарды тануға және жазатайым оқиғалар мен улануды болдырмау үшін дұрыс әрекет етуге үйрету.  Міндеттері:  Балаларды үйдегі әртүрлі қауіпті заттармен (дәрілер, тұрмыстық химия, газ баллондары) таныстыру.  Балаларға бұл заттардың неге қауіпті екенін және тәртіпсіздіктің салдары қандай болатынын түсіндіру.  Балаларды қауіпті заттардыңжанында қауіпсіздік ережелеріне үйрету.  Материалдармен ресурстар: Қауіпті заттардың суреттері немесе иллюстрациялары (дәрілер, тұрмыстық химия, газ баллондары).  Әртүрліжағдайлар бейнеленген карточкалар.  Ұйымдастырылғаніс-әрекет: Балаларды қарсы алу.  Педагог балаларды қарсы алып,</p>

					<p>бүгін олар үйде қандай заттар қауіпті болуы мүмкін екенін және олардыңжанында қалай дұрыс әрекет ету керектігін түсіндіру. Үйде қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығы туралы түсінік беру.</p> <p>Үйдегі қауіпті заттар туралы әңгіме:</p> <p>Дәрі-дәрмектер:</p> <p>Дәрі-дәрмектерді тек ересектердің нұсқауымен қабылдау керек екенін түсіндіру.</p> <p>Дәрілерді ешқашан өздігінен алмау және тіпті олар кәмпитке ұқсаса дадәмін көрмеу.</p> <p>Тұрмыстық химия:</p> <p>Жуу құралдары, ағартқыштар, тазалау құралдары және басқа тұрмыстық химикаттар өте қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру.</p> <p>Ешқашан тұрмыстық химияны ересек адамдарсыз ашып, қолданбау.</p> <p>Газ баллондары:</p> <p>Газ баллондары (мысалы, аэрозольдер) дұрыс қолданылмаса, қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру.</p> <p>Баллондармен ойнамау және оларды әсіресе жабық орындардашашпау.</p> <p>Сюжеттік-рольдік ойындар:</p> <p>Балаларды топтарға бөліп, қуыршақтар немесе ойыншықтар тарату.</p> <p>Жағдайларды сахналау: бала</p>
--	--	--	--	--	---

					дәрілерді, тұрмыстық химияны немесе газ баллонын тауып алады. Әр жағдайдағы тәртіп, қауіпсіздік ережесін талқылау. Ережелерді қайталау:
<b>Серуеннен оралу</b>	Серуеннен алған әсерімен бөлісу.	Ретімен шешіну. Отбасы туралы мақалдарды жаттау	Серуен туралы эмоционалды жауап (Не көбірек есте қалды?)	Киім заттары туралы жұмбақтарды шешу.	Серуеннен алған әсерімен бөлісу.
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Ғ,Қ дыбыстарымен жұмыс	Дыбыстармен жұмыс	Апта күндері туралы түсінік беру	Жыл мезгілдері туралы түсінік беру	1-10ға дейінгі сандармен жұмыс
<b>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)*</b>	<p><b>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»</b></p> <p>«Түлкі мен қоян»</p> <p>Мақсаты: Балаларды жылдамдық пен ептілікке үйрету. Құралдар: Жердегі сызық немесе белгіленген орын. Ережелер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Балалар екі топқа бөлінеді: біреуі түлкі, екіншісі қоян болады.</li> <li>Түлкі мен қоян белгіленген сызық бойында жүреді. Түлкі қоянды қуып жетіп, ұстап алуы керек.</li> <li>Қоян түлгіден қашып, өз сызығынан өтіп кетпеуі керек. Ойын сынып ішінде орындалады.</li> </ul>	<p><b>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» «Қазақша күрес»</b></p> <p>Мақсаты: Балалардың денесін шынықтырып, күш-жігерін арттыру. Құралдар: Жұмсақ кілем немесе кішігірім төсеніш. Ережелер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Балалар жұпқа бөлініп, бір-бірімен «қазақша күрес» ойнайды. Ойынның мақсаты — қарсыласты төселген кілемге немесе жерге құлату.</li> <li>Балалар бір-біріне ешқандай жарақат келтірмей, тек жеңіл әрі қауіпсіз қозғалыстар жасайды.</li> </ul>	<p><b>Түс өзгерту эксперименті (Түстердің әсері)</b></p> <p>Мақсаты: Түстердің әсерін зерттеу. Құралдар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Ақ қағаз</li> <li>Түрлі түсті су (пластик бөтелкелермен немесе шыны ыдыстармен)</li> <li>Сұйық бояу немесе түсті сұйықтықтар</li> </ul> <p>Жаттығу:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Балаларға бірнеше сұйық түсті (қызыл, көк, жасыл, сары) сұйықтықтарды көрсету.</li> <li>Әр түрлі түстердің суы әртүрлі сипаттарға ие екенін айту (мысалы, қызыл су жылу сияқты, көк су салқын сияқты).</li> <li>Балаларға әртүрлі түстерді араластырып көріп, қандай түстер шығады екендігін бақылауға мүмкіндік беру.</li> </ol>	<p><b>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» «Арқан тартыс» (Сынып ішінде)</b></p> <p>Мақсаты: Балалардың күшін тексеріп, командалық рухты дамыту. Құралдар: Ұзын арқан немесе жіп. Ережелер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Балалар екі топқа бөлінеді.</li> <li>Топтар өздері тартып тұрған арқанның белгілеген сызықтан өтуіне жол бермей, қарсыластарын сызықтың арғы жағына тартуы керек.</li> <li>Балалар сыныптың ішінде қауіпсіз түрде орын ауыстыра алады.</li> </ul>	<p><b>Құмдағы іздер эксперименті</b></p> <p>Мақсаты: Құмның қасиеттерін зерттеу, іздер қалдыруды үйрету. Құралдар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Таза құм</li> <li>Жұмсақ қылқалам немесе таяқша</li> </ul> <p>Жаттығу:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Балалар құмға әртүрлі құралдармен іздер қалдырып көреді (қолмен, таяқшамен, қылқаламмен).</li> <li>Қандай іздер басқалардан ерекше екендігін бақылау (жіңішке немесе кең, терең немесе жеңіл).</li> <li>Балаларға құмның бетінде әртүрлі іздер қалдырудың нәтижелерін салыстыруға мүмкіндік беру.</li> </ol>
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	<b>«Өнегелі 15 минут»</b> Отбасында қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу	<b>«Өнегелі 15 минут»</b> Мектепте қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу	<b>«Өнегелі 15 минут»</b> Отбасында қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу	<b>«Өнегелі 15 минут»</b> Мектепте қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу	<b>«Өнегелі 15 минут»</b> Келген балалардың ата-аналарымен үй режимін сақтау



	туралы кеңес	туралы кеңес	туралы кеңес	туралы кеңес	туралы әңгімелесу
--	--------------	--------------	--------------	--------------	-------------------

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымының атауы) \_\_\_\_\_Б.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (РО) жанындағы интернат КММ

Мектепалды сынып        0 «б» сыныбы

Балалардың жасы \_\_\_\_\_ 5 жас

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету) \_\_\_\_\_ 09 -13 желтоқсан .2024-2025 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі  09.12	Сейсенбі  10.12	Сәрсенбі  11.12	Бейсенбі  12.12	Жұма  13.12
Балаларды қабылдау	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. <b>Күй күмбірі</b>	Смайликпен қарсы алу <b>Күй күмбірі</b>	Қоян ойыншығымен қарсы алу <b>Күй күмбірі</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу <b>Күй күмбірі</b>	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. <b>Күй күмбірі</b>
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі ,денсаулығы жайлы әңгімелесу	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Отбасында қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу туралы кеңес	Ауа-райының өзгеруіне байланысты қаауіпсіздік ережелерін сақтау туралы кеңес беру	Балалардың ата-аналарымен үй режимін сақтау туралы әңгімелесу
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау	Үстел үсті ойыны: Тақырыбы: «Жоғалған зат» Мақсаты:Балаларды байқампаздыққа,тапқырлыққа баулу Шарты:Үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады.Балалар мұқият қарап алады,сосын көздерін жұмады,бір затты алып	Үстел үсті ойыны " Мозаика" "Пазл". Мақсаты: Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу. Шарты:Ұлттық оюлардан пазл құрау(сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативті іс-әрекет) <b>Біртұтас тәрбие</b>	Үстел үсті ойыны. Тақырыбы:Түсін тап. Мақсаты:Түстер туралы түсініктерін арттыру,ойлау қабілеттерін арттыру. Шарты: Суреттерді түстері	Үстел үсті ойыны «Таяқшалар» Мақсаты:Ойлау,құрастыру қабілеттерін дамыту Шарты:Санау таяқшалар арқылы түрлі заттардың бейнесін құрастыру <b>математика негіздері – ойын, қозғалыс, танымдық</b>	Үстел –үсті ойыны «Фасоль» Мақсаты:Зейіндерін тұрақтандыру,жылдамдықтары н арттыру Шарты:Түрлі сызықтардың бойына фасоль дәнін тізіп шығу <b>(сөйлеуді дамыту-ойын, коммуникативті іс-әрекет)</b>

және басқалары)	тастайды,не зат екенін балалар айтады ( <i>танымдық және коммуникативті іс-әрекет</i> )		мен пішініне сәйкестендіру  (математика негіздері – ойын, қозғалыс, танымдық және коммуникативтік қызмет	және коммуникативтік қызмет)	
Ертеңгілік жаттығу	<p><b>Картотека №6</b></p> <p><b>I.</b> Бір саппен тұру және жүгіру. Тәрбиешінің дабылы бойынша тоқтау. Әр жануарлардың қимылдарын жасау.</p> <p><b>II.</b> 1.Б.к. Тік тұру, қол белде. Қол желкеде, оң аяқты артқа аяқ ұшымен қою. Орнына келу. Сол аяқпен қайталау. 6 – 7 рет.</p> <p>2. Б.к. Аяқ алшақ, қол белде. Оңға бұрылу, оң қолды жанға созу. Орнына келу, сол жаққа келу. 6 рет</p> <p>3. Б.к. Тізеге тұру, қол екі жанда. Оң аяқпен алға қою, пружинше қозғалу. Орнына келу, сол аяқпен қайталау. 5 – 6 рет.</p> <p>4. Б.к. Тізеге тұру, қол белде. Бір, екі оң жақ жанбасқа отыру, қолды алға созу. Үш, төрт орнына келу. Сол жаққа қайталау. 6 рет</p> <p>Б.к. Тік тұру, қол екі жанда, қос аяқтап, қайшылап секіру. 4–5 рет</p> <p><b>III.</b> Жәй жүріп аузын ашып демалып, мұрынмен шығару.</p>	<p><b>Картотека №7</b></p> <p><b>I.</b> Сапты екі – екіден жүру. Денені тік ұстау. Тәрбиешінің белгісі бойынша бір аяқты жоғары көтеріп тұру. «Қоян» дегенде, қос аяқтап алға секіру. Жүгіру, үш топқа тұру.</p> <p><b>II.1.</b> Б.к. Аяқ алшақ, жіп оң қолда. 1 – қолды екі жаққа созу. 2 – қол алға, кубикті сол қолға ауыстыру. 3 – қолды екі жаққа созу. 4 – орнына келу. 4 – 5 рет.</p> <p><b>2.</b> Б.к. Аяқ алшақ, жіп оң қолда. 1 – алға еңкею, жіп аяқ арасына қою. 2 – орнына келу, қол белде, 3 – алға еңкейіп жіп сол қолмен алу, 4 – орнына келу. 5 – 6 рет</p> <p><b>3.</b> Б.к. Жіп екі қолға жоғары көтеріп, оң жаққа қисаю, сол жаққа ауысып қисаю.</p> <p><b>4.</b> Б.к. еденге отырып екі қолға жоғары көтеріп алға еңкейіп, қайтадан б.к келу. 4 – 5 рет.</p> <p><b>5.</b> Б.к. Жіпті жерге қойып алға, артқа секіру. 5 – 6 рет</p>	<p><b>Картотека №8</b></p> <p><b>I.</b> Бір саппен тұру және жүгіру. Тәрбиешінің дабылы бойынша тоқтау. Әр жануарлардың қимылдарын жасау.</p> <p><b>II.1.</b> Б.к. н.т. 1 – қол алда, қол жоғары, 3 – қол жанда 4 – б.к. 4-5 рет</p> <p>2. Б.к. н.т. 1-4 екі қолды айналдыру алға, 5-8 артқа айналдыру.</p> <p>3. Б.к. Аяқ иық деңгейінде 1-оң қолды сол аяққа тигізу. 2-б.к. 3-сол қолды оң аяққа тигізу. 4 – б.к. 4 – 5 рет</p> <p>4. Б.к. Аяқ иық деңгейінде, қол белде, 1 – оңға бұрылу, оң қол жанда. 2 – б.к. 3 – 4 сол қолмен. 4 – 5 рет</p> <p>5. Б.к. Аяқ иық деңгейінде, қол белде. 1-оң жаққа бұрылу. 2- б.к. 3 – сол жаққа бұрылу. 4 – б.к. 5 – 6 рет.</p> <p>6. Б.к. Қол белде 1 – секіріп аяқты екі жанға созу. 2 – б.к.</p> <p><b>III.</b> Саппен жүру тыныс алу жаттығулары. Гүл</p>	<p><b>Картотека №9</b></p> <p><b>I.</b> Сапқа тұру, саппен жүру. Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру, қолды белге қойып өкшемен жүру. Үш топқа бөліну.</p> <p><b>II.</b> «Допты бастан жоғары көтеру» Б.к. Аяқты алшақ қойып, қолды төмен түсіру. 1. Допты алға созу. 2. жоғары көтеру. 3. алға созу. 4. б.к.</p> <p>2. «Екі жаққа иілу» Б.к. Доп қолда, төменде ұстау. Оң, сол жаққа қарай иілу. Б.к. 4 – 5 рет.</p> <p>3. «Алға иілу» Б.к. Еденге отырып аяқтың арасын сәл ашу, доп қолда. Алға еңкейіп допты кезек оң және сол аяққа тигізу. Б.к. 4-5 рет.</p> <p>4. «Отырып тұру» 1. Б.к. Доп қолда, қолды алдыға созып отыру 2 Б.к. Тұру. 4-5 рет.</p> <p>5. «Аяғыңды шынықтыр» Б.к. Еденге арқамен жату, допты аяқтың</p>	<p><b>Картотека №10</b></p> <p><b>I.</b> Сапқа тұру, саппен жүру. Қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру, қолды белге қойып өкшемен жүру. Үш топқа бөліну.</p> <p><b>II.1.</b> Б.к. Қолды желкемізге ұстап басты оңға, солға бұру. 2. Б.к. Н.т. қол алда, кеуде тұсында 1-2 қолды артқа қарай сермеу, 3-4 қолды созып сермеу. 4 – 5 рет</p> <p>3. Б.к. Аяқ иық деңгейінде, қол белде 1 – қолды жоғары көтеру, 2 – еңкею, аяқ ұшын ұстау. 5 – 6 рет</p> <p>4. Б.к. Қол белде 1 – оң қолды бастан асырып сермеу, еңкею 2 – б.к. 3-сол қолмен 5 – 6 рет</p> <p>5. Б.к. Аяқ бірге, қол жанда. 1-оң тізені көтеру, екі қолмен құшақтау, кеудеге тақау, арқаны тіке ұстау. 4-5 рет</p> <p>6. Б.к. Қол белде, аяқ бірге 1 – секіріп аяқты жанға сермеу. 2-б.к. 6-рет.</p> <p><b>III.</b> Саппен жүру, терең демалып жүру Үлкен болып өсеміз Уф-уф-уф</p>

		III. Жәй жүріс демалу жаттығулары.	иіскеу	ортасына қысып ұстау. 1. Аяқты еденнен көтеру. 2 Б.к.6 рет. III. Саппен жүру тыныс алу жаттығулары Қаз ысылдайды ыс-ыс-ыс	
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӨ)	Жылулық сәті: Қайырлы таң, көк аспан, Қайырлы таң, жер Ана! Қайырлы таң достарым! Сәлем, сәлем, сәлем!	Жылулық сәті: Жарқырап күнде ашылды, Айналаға нұр шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз, Қайырлы күн! Сәлемдесіп аламыз.	Жылулық сәті: Сүйеміз барлық әлемді, Әлемдегі бар елді. Бақыттымыз осы біз, Қасымызда досымыз.	Жылулық сәті: Адамдарға кешіріммен қарайтын, Жан жылуы жылулықпен тарайтын. Кішіпейіл бала болғым келеді, Айналасын нұрлы күнге балайтын.	Жылулық сәті: Сүйеміз барлық әлемді, Әлемдегі бар елді. Бақыттымыз осы біз, Қасымызда досымыз.
Кестеге сәйкес ҰІӨ	<p><b><u>Сөйлеуді дамыту</u></b></p> <p>Тәуелсіз елдің ұланымыз</p> <p><b>Мақсаты:</b> Тәуелсіздік туралы ұғымын кеңейту.</p> <p><b>Міндеті:</b> Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.</p> <p>-Балалар бүгінгі іс-әрекетіміз ерекше болады. Алдымызда Тәуелсіздік күнімерекесі жақындап келеді.</p>	<p><b><u>Сауат ашу негіздері</u></b></p> <p>Дыбыстық талдау</p> <p><b>Мақсаты:</b> Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасатуға жаттықтыру.</p> <p><b>Міндеті:</b> Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау</p> <p><b>«Дыбысты балға» дидактикалық жаттығуы</b></p> <p>– Мен сендерге дауыссыз, дауысты дыбыстардан</p>	<p><b><u>Математика негіздері</u></b></p> <p>Таңертең, күндіз, кеш, түн. Кеше, бүгін, ертең</p> <p><b>Мақсаты:</b> тәуліктің бөліктерін (таңертең, күндіз, кеш, түн) тану, атауды, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау</p> <p><b>Міндеті:</b> Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтау.</p> <p><b>Тәулік</b></p>	<p><b><u>Сөйлеуді дамыту</u></b></p> <p>Қыс</p> <p><b>Мақсаты:</b> Сипаттау сөздерін қолдануға жетелеу</p> <p><b>Міндеті:</b> Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.</p> <p>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты</p>	<p><b><u>Қоршаған ортамен таныстыру</u></b></p> <p>Әдептілік-әдемілік</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды әдептілік ережелерімен таныстыру.</p> <p><b>Міндеті:</b> Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге баулу</p> <p>Сюжетті ойын: «Дүкенші»</p> <p>Мақсаты: Дүкенші ойынын</p>

<p>-Біздің еліміз қалай аталады?</p> <p>-Қазақстан Республикасының президенті кім?</p> <p>-Қазақстан Республикасының рәміздерін ата.</p> <p>Мемлекеттік Тудың авторы – Шәкен Ниязбеков</p> <p>Елтаңбаның авторлары: Жандарбек Мәлібеков, Шота Уәлиханов.</p> <p>Еліміздің мемлекеттік гимні – «Менің Қазақстаным» әні. Авторлары: Нұрсұлтан Назарбаев, Жүмекен Нәжімеденов, Шәмші Қалдаяқов. Рәміздердерді қандай жерлерге іледі?</p> <p>-Балалар қай жерлерде Қазақстанның.</p> <p>-Елордамыз қай қала?</p> <p>Мақал-мәтелмен таныстыру, мағынасын түсіндіру.</p> <p>Отан үшін отқа түс – күймейсің. Тәуелсіз елдің ұлы – өжет, Қызы қайратты,</p>	<p>басталатын сөздер айтамын, сендер дауыссыз дыбыстан басталатын сөз естісеңдер,партаны бір рет жұдырықтарыңмен ұрасыңдар,ал дауысты дыбыстан басталатын сөз естісеңдер, бір рет шапалақ ұрасыңдар.</p> <p>Мысалы:<i>парта,ферма,алқа,би дон,вагон,кітап,алиа,Камшат ,гүл,ғалым,асық,қайшы, доп,орындық,тарақ, сағат, ожау, жұлдыз, зәкір, хат, циркуль, щетка, дәрі, т.б.</i></p> <p><b>Жұмыс дәптерімен жұмыс</b> 1.Суреттерді ата,буынға бөл.Өз буыны сәйкес келетін тиісті сызбамен сәйкестендір.</p> <p>2.Р дыбысы бар заттарды қорша.</p> <p>3.Жануарларды ата.Сөздерді буынға бөл,неше буыннан тұратынын айт.Дыбыстық талдау жаса.</p> <p><b>«Не артық?» дидактикалық ойыны</b></p> <p>Педагог бір топқа жататын сөздерді тез-тез бір бөгде сөзді қоса айтады. Балалар</p>	<p><b>бөліктері»</b> карточка жиынтығын таратады және карточкаларды тапсырма бойынша таңдап алуды ұсынады. Педагог: «түн» дейді, балалар тиісті суретті көрсетеді. Соңында балалар карточкаларды реттеп, өз жүйесін сақтап орналастырады: таңертең – күндіз – кеш – түн.</p> <p><b>Дәптермен жұмыс.</b> <b>1-тапсырма.</b> Бұл қай мезгілде болады? Тәулік бөліктерін көрсететін суретпен баланың осы уақыттағы іс-әрекетін сызып қос.Педагог тәулік бөліктерін атауды сұрайды. Бала тәуліктің осы мезгілінде не істейтінін, суреттерді таңдау арқылы айтып береді, сызып қосады.</p> <p><b>2-тапсырма.</b>Суреттен күндізгі,кешкі және түнгі мезгілдерді тап.Жұбымен сызып қос.Күндіз бен түнгі</p>	<p>бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану</p> <p><b>Ойын жағдаяты</b> Балалар, мен бүгін аязды көрдім. «Қыс мезгілі келгеніне балалар қуанды ма?» –деп сұрады ол менен. Мен: «Әрине, қуанды», – дедім. Балалар, сендер шын қуандыңдар ма?</p> <p>-Аяз: «Ендеше мына күміс қоңырауды балаларға бер, қоңырауды сылдырлатып, қыстың келгеніне қалай қуанғандарын білдірсін. Қысқы мерекелерді, ойын түрлерін айтып, қоңырауды сылдырлатсын. Мен терезеден қарап тұрамын, айтпесе қатты боран соғып, аяз қысады», – деді.Кәне, балалар, аяздың айтқанын орындаймыз ба? Орындамасақ, аязды ашуландырып алармыз.</p> <p>-Өте жақсы, балалар. Қыстың келгеніне қатты қуанғандарыңды аяз да</p>	<p>ойнау арқылы әдептілік сақтауды үйрету</p> <p>Шарты:Дүкеншімен өзара байланыс кезінде әдепті сөздерді іс-әрекеттерді көрсету</p> <p>«Әдептілік ережесін құра» ойын-жаттығуы</p> <p>Мақсаты:Әдептілік ережесін құрау арқылы әдепті болуға тәрбиелеу</p> <p>Шарты:Балалар бойында болу керек әдеп пен тәптіп түрлерін атату</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p>Сөйлем сызбасы</p> <p><b>Мақсаты:</b> . Сөйлем сызбасымен таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету.</p> <p><b>Міндеті:</b> Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.</p> <p><b>«Бөлшектерінен тап» ойыны</b></p>
---	--	--	--	---

	<p>халқы қаһарман болады.  <b>Тәуелсіздік</b>          Арқау болып өлеңге,          Мереке күн атанған          Тәуелсіздік деген не? –          Деп сұрадым атамнан.          Атам айтты:          Ұмытпа,Тәуелсіздік –          елдігің! Мағынасын шын          ұқ та,          Мақтаныш ет сен бүгін!          Зор бақытты халқыма          Тәуелсіздік әкелген.          Даңқ қосып даңқына,          Мәртебесін көтерген...          Бұл мереке шынымен          Толқытады көңілді.          Тәуелсіздік күнімен          Құттықтаймын елімді!(<i>Б. Мәжитов</i>)  <b>Үлестірмелі материалмен жұмыс</b>          Суретке қарап, еліміздің          мемлекеттік рәміздері          туралы әңгімеле. Біздің          басты құндылығымыз –          тәуелсіздігіміз, сол үшін          бүгінгі жас ұрпақ,          тәуелсіздігімізді ардақ          тұтып, қадірлей білгені          абзал.</p> <p><b><u>Математика негіздері</u></b></p> <p>Таңертең,күндіз,кеш,түн.Кеш          е,бүгін ,ертең</p> <p><b>Мақсаты:</b> таңертең, күндіз,</p>	<p>сол артық сөзді табуы керек.          Мысалы:нан, шай,май, тай          – ... (<i>тай</i>)          Қызыл,жасыл,ақ,тақ,көк–          ...(<i>тақ</i>) Алма, шие, бөрік,          өрік – ... (<i>бөрік</i>) Екі, үш,          төрт, бес, кес – ... (<i>кес</i>)</p> <p><b>Жұмыс дәптерімен жұмыс</b>(<i>графикалық жұмыс</i>)</p> <p>1.Нүктелерді үзбей бастыр.</p> <p>2.Үзік сызықтарды бастыр.</p> <p><b><u>Қоршаған ортамен таныстыру</u></b></p> <p>Қазақстан Республикасының          мемлекеттік рәміздері</p> <p><b>Мақсаты:</b> ) Еліміздің          рәміздері туралы білімдерін          толықтыру</p> <p><b>Міндеті:</b> Қазақстан          мемлекетінің рәміздеріне          құрмет көрсету.          Гүлдердің ертемен Қауызын          ашқанын,          Көктемнің мөп-мөлдір          аспанын,</p> <p>Таулардың қол жетпес          асқарын.</p> <p>-Отанымыз белгілеріне, яғни          мемлекеттік рәміздерге не</p>	<p>мезгілді боя.</p> <p><b>3тапсырма.</b>Көрсетілген          түспен штрихта.</p> <p><b><u>Сауат ашу негіздері</u></b></p> <p>Сөйлем</p> <p><b>Мақсаты:</b> Сөйлем          ұғымымен таныстыру, екі-          үш сөзден тұратын сөйлем          құратып, сөйлемдегі          сөздерді ретімен айтқызып          үйрету.</p> <p><b>Міндеті:</b> Сөйлем туралы          бастапқы түсініктерді          қалыптастыру          (грамматикалық          анықтамасыз), сөйлем          сөздерден тұратынын          түсіну.</p> <p>«Кері әрекетті айт»ойыны</p> <p>1.Асан кірді,анам...          (<i>шықты</i>)</p> <p>2.Анам құйды,Марат...          (<i>төкті</i>)</p> <p>3.Айгүл жинады,          Айсұлу...(<i>шашты</i>)</p> <p>3.Әкем келді,ағам...(<i>кетті</i>)</p> <p>4Атам</p>	<p>көріп, ризаболып қалған          шығар.</p> <p>-Балалар, бүгін ақын          Абай Құнанбайұлының          шығармаларымен          танысамыз. Абай          Құнанбайұлы – ұлы ақын.          Жылдың төрт мезгіліне          арнап "Жазғытұрым",          "Жаз", "Күз", "Қыс"          өлеңдерін жазған. Біз          бүгін қыс мезгіліне          арналған "Қыс"өлеңімен          танысамыз.</p> <p>Педагог өлеңді мәнерлеп          оқиды.</p> <p><b>Қыс</b></p> <p>Ақ киімді, денелі, ақ          сақалды, Соқыр, мылқау,          танымас тірі жанды.Үсті-          басы ақ қырау, түсі суық,          Басқан жері сықырлап келіп          қалды.</p> <p><b>Сөздік жұмысы:</b>  <i>мылқау</i> – сөйлемейді,          естімейдіБалаларға сұрақ          қояды.          -Өлеңді оқығанда көз          алдарыңа кімді          елестеттіңдер?</p>	<p>1.Көз,ауыз,желбезек–... (<i>балық</i>)</p> <p>2.Бас,қанат,аяқ –... (<i>құс</i>)</p> <p>3.Құлақ, көз, жал – ... (<i>жылқы</i>)</p> <p>4.Бас,мүйіз,сақал–...(<i>ешкі</i>)</p> <p><b>Сызбамен жұмыс</b>          Сөйлемдегі сөздерді          тіктөртбұрыштармен          белгілейміз. Әр сөздің          арасына арақашықтық          қалдырамыз.          Сөйлемнің сызбасының          басындағы тіктөртбұрыштың          бірінші сызығы биігірек          болады. Педагог тақтаға          сызып көрсетеді. Сөйлемде          қанша сөз болса, сонша          тіктөртбұрыштың арасына          бірдей арақашықтық          қалдырылады. Соңынан          нүкте қойылады.</p> <p><b>«Сөйлемді толықтыр»дидактикалық ойыны</b></p> <p>Ойын шарты:балалар          педагогтің бастаған          сөйлемін өз ойларымен          жалғастыру керек. Бәрін          жасап қоятын (ол кім?) –          (пысық).          Тышқанның жауы–          (мысық).          Әжем иірді – (ұршық).</p>
--	---	---	---	--	---

	<p>кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру</p> <p><b>Міндеті:</b> Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтау.</p> <p><b>Жұмбақ</b></p> <p><i>Күн шығады аспанға, Қораз белгі береді.</i></p> <p><i>Бөбектер тұрып ұйқыдан, Бала-бақшаға олар келеді. (Таң)</i></p> <p><i>Күн шуағын төгеді, Жап-жарық боп айнала. Серуенде жүреді,</i></p> <p><i>Ойнап-күліп бар бала. (Күндіз)</i></p> <p><i>Шуақ шашқан Күніміз, Көкжикке батады, Үйге кіріп балалар</i></p> <p><i>Кешкі ас жеп жатады. (Кеш)</i></p> <p><i>Көкте жұлдыз жанады, Өзен суы сылдырар.</i></p> <p><i>Аспанға алтын Ай шығып</i></p>	<p>жатады?</p> <p>-Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Гимн.</p> <p>-Рәміздер – сол елді айқындайтын белгілер.</p> <p>Жалау</p> <p>Желбірейді шалықта Қазақстан жалауы.</p> <p>Көкке қыран қалықтап Қанат қағып барады.</p> <p>Көк аспанда нұрлы Күн күлімдейді далама.</p> <p>Бақыт тілеп тұр бүгін Ол барлық пәк балаға.</p> <p>Ұлттық өрнек мұрамыз Адастырмас мұраттай.</p> <p>Нық көтеріп тұрамыз Жалауды біз құлатпай!</p> <p><b>ЕЛТАҢБА</b></p> <p>Бейнелеп сан ғасырды</p> <p>Елтаңбасы елімнің,</p> <p>Таратады хас үлгі</p> <p>Киесіндей жерімнің.</p> <p>Бабам тұлпар жаратты,</p> <p>Құлынында танып-ак.</p> <p>Тұлпар барда қанатты,</p>	<p>ашты,әжем...<i>(жапты)</i></p> <p><b>«Кім шапшаң сөйлем құрайды?»»дидактикалық ойыны</b></p> <p>Педагог суреттер көрсетеді(көбелек,көлік,тар ақ,кітап,қоянт.б.).Балалар суретке байланысты 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрайды.</p> <p><b>Жұмыс дәптерімен жұмыс</b></p> <p>1.Суреттерде кімдер бейнеленген?Балалар не істеді?Сөйлем құра.</p> <p>2.Суреттерге қара.Сұрақтарға бір сөйлеммен жауап бер.</p> <p>3.Суретті жалғастырып сал.</p> <p>4.Бастыр.</p> <p>5.Үзік сызықтарды бастыр.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Тәуелсіздігіміз мәңгілік</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Сюжет желісінің реттілігін сақтап айтуға үйрету</p> <p><b>Міндеті:</b> Әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</p>	<p><i>(Ақын қысты ашулы, қаһарлы қария адамға теңеп отыр)</i></p> <p>-Қалай ойлайсың, қарияны Абай атамыз не үшін ашулы, соқыр, мылқау түрінде бейнелеген?</p> <p>-Қыс мезгіліне қай кезде дайындалуымыз керек?</p> <p>-Қыстың қаһарына ұшырамас үшін адамдар не істейді?</p> <p>-Ауыл адамдары малдарын қысқа қалай дайындайды?</p> <p>Бүгін <b>м, н</b> дыбыстарымен танысамыз. Бұл екеуі де дауыссыз дыбыстар. М дыбысының дұрыс артикуляциясы:</p> <p>ерін бір-біріне қатты тиеді, кішкене тіл төмен түсіп, демнің мұрын арқылы шығуынан жасалады.</p> <p><b>М</b> дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау.ма-ма-ма – қыс деген бұл шал ма?Ма-ма-ма – апорт тәтті алма.</p> <p><b>Н дыбысының дұрыс артикуляциясы:</b></p> <p>ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі</p>	<p>Шәуілдеп үрді–(күшік). Ең қу аң – (түлкі).</p> <p>Үсті ине– (кірпі).</p> <p>Қол жуғышта ілулі– (сүлгі).</p> <p><b>Жұмыс дәптерімен жұмыс</b></p> <p>1.Сызбаны сурет бойынша түсіндір.Сөйлеммен сөздің сызбасын анықта.Сызбаға байланысты сөйлем құра.</p> <p>2.Әр топтағы заттарды бір сөзбен ата.Заттардың жалпы атын қатыстырып,сөйлем құра. Сызбасын сыз.</p> <p>3.Дыбыстық талдау жаса.</p> <p>4.Нүктелерді бастыр.</p> <p>5.Үзік сызықтарды бастыр</p> <p><b><u>Шығармашылық іс-әрекет</u></b></p> <p>Жайлаудағы құлыншақ</p> <p><b>Мақсаты:</b>Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу</p> <p><b><u>Сурет салу/</u></b></p> <p><b>Міндеті:</b> Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын</p>
--	--	--	---	---	--

<p><i>Терезеден қарады.</i> (Түн)</p> <p><b>1-тапсырма.</b>Тәулік бөліктерін ата.Балалар таңертен,күндіз,кешке,түнде не істейді?</p> <p>Тәулік бөліктерін және осы уақытта балалардың орындайтын іс-әрекетін сызып қос.</p> <p><b>2-тапсырма.</b>Өр қатардан артық суретті тап.Өз қалауыңды түсіндір.Белгіле.</p> <p><b>3-тапсырма.</b> Торкөздерді сана. Фигураларды қарындаштардың түсіне сәйкес боя.</p> <p><b><u>Қазақ тілі</u></b></p> <p>Тәуелсіздік –Төрімде!</p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p>Менің Отаным Әйнегі – күн,</p>	<p>Шайқалмайды шаңырақ.</p> <p>Тәуелсіздік көркі ол да</p> <p>Өркениет өрінде.</p> <p>Нұр төгеді елтаңба</p> <p>Ақ орданың төрінде.</p> <p>Үлестірмелі материалдармен жұмыс.</p> <p>1.Еліміздің мемлекеттік рәміздер туралы не білесің?</p> <p>2.Мемлекеттік рәміздердегі суреттерді тауып белгіле. Бұл суреттерді қай мемлекеттік рәмізден көрдің?</p> <p>3.Басқа елдердің елтаңбаларымен таныс. Қазақстан Республикасының МемлекеттікЕлтаңбасын тап. Белгіле.</p> <p>4.Мемлекеттік Гимнді айтып тұрғанда қандай ережені сақтау керек?</p> <p><b><u>Көркем әдебиет</u></b></p> <p><b>Тәуелсіздік</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Әдеби</p>	<p>-Қазақстан қандай мемлекет?</p> <p>-Қазақстанның бас қаласы қалай аталады?</p> <p>-Астананың көрікті жерлерін ата.</p> <p>-Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет. Қазақстанның басқаласы–Астана Сарыарқа даласында,Есілдің жағасында орналасқан(картадан көрсету). Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз.</p> <p>16желтоқсан– Тәуелсіздік күні.Өткенді еске алып,батырларымызға тағзым етеміз. Тәуелсіздік монументіне гүл шоғын қоямыз. Бүгін Әлия Дәулеткелдінің «Тәуелсіздігіміз мәңгілік»атты әңгімесімен танысамыз. Әңгіме – болған оқиғаның желісі</p>	<p>тістердің түбіне тиеді. <b>Н</b> дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау. <b>Н</b> дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады.</p> <p><b><u>Математика негіздері</u></b></p> <p>Апта күндері</p> <p><b>Мақсаты:</b> апта күндерін рет-ретімен атауға үйрету</p> <p><b>Міндеті:</b></p> <p>Өртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту.</p> <p>Педагог өлеңді тыңдауды ұсынады.</p> <p><b>Апта күндері</b></p> <p><i>Дүйсенбіде доп ойнадық алаңда, Сейсенбіде серуен құрдық далада, Сәрсенбіде сурет салдық сәндепін, Бейсенбіде би биледік әндепін, Жұма күні жидек тердік ағаштан, Сенбі күні кино көрдік театрдан, Жексенбіде үйде болдық демалдық. Осылайша өте</i></p>	<p>ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу</p> <p><b><u>Жапсыру/</u></b></p> <p><b>Міндеті:</b> Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.</p> <p><b><u>Мүсіндеу/</u></b></p> <p><b>Міндеті:</b> Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау</p> <p><b><u>Құрастыру</u></b></p> <p><b>Міндеті:</b></p> <p>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді</p>
--	--	---	---	--



	<p>Шатыры – аспан, Кең далам асқақ. Төсі толған егін, Көлдері күміс шашқан, Қазақстан Республикам менің! "Туған өлкем " тақырыбында әңгіме құрату Мақал-мәтел жаттау Алтын ұяң — <b>Отан</b> қымбат, Құт-берекең — атаң қымбат, Аймалайтын — анаң қымбат, Асқар тауың — әкең қымбат</p> <p>Бұлбұл гүлзарын сүйеді, Адал адам <b>Отанын</b> сүйеді.</p> <p><u><b>Дене шынықтыру</b></u> Лақтыру <b>Мақсаты:</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Лақтыру,қағыпалу,домалату: допты жоғары,жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бірқатарға қойылған заттардың арасымен домалату,допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен</p>	<p>шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту.</p> <p><b>Міндеті:</b> Әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;</p> <p>-Қазақстан Республикасының бас қаласын ата.</p> <p>-Еліміздің қандай рәміздерін білесіңдер?</p> <p>Қазақстанның жері үлкен, табиғаты бай. Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері– Туы,Елтаңбасы,Гимні бар</p> <p><b>«Тәуелсіздік»өлеңі</b> Өзіндікі елің де, Өзіндікі жерің де. Өзінді өзің еткен бақ, Тәуелсіздік төрінде. Өзіндікі туың да, От пен ауа,суында. Жаса,Қазақстаным, Белді і бекем буын да. <i>.(Иран- Файы)</i> Өленді эмоциямен 2-3 рет қайталайды. Балаларға өленді жатқа айтқызып қайталату</p> <p><u><b>Дидактикалық</b></u></p>	<p>бойынша жазылады. <b>Тәуелсіздігіміз мәңгілік</b>(әңгіме)</p> <p>Менің Отаным–Қазақстан.Бұ тәуелсіз,егемен мемлекет.16желтоқсан күні еліміздің тәуелсіздігі тойланады. Бұл халқымыз үл ең басты әрі құнды мереке.</p> <p>Тәуелсіздік–халықтың мерекесі,ұлттың тілі мен діні.Өрине,бұған дейін ата- бабаларымыз елі үшін,жері үшін,ұрпағы үшін алай қиындықтарды бастан өткізгені тарихтан белгілі.Қазақ халқы бұлк үнді,бұл мерекен іжүрегімен сезінуі керек.Сондықтан біз тәуелсіздігімізді жоғалтпай, қадірлеп, қастерлеп, мемлекетіміздің гүлденуіне үлес қосуымыз керек.</p> <p><i>(Әлия Дәулеткелді)</i></p> <p><b>Сөздік жұмысы:</b> <b>еркіндік–ешкімге тәуелдіе</b> <b>мес,еркін ел теңге – біздің</b> <b>ұлттық төл ақшамыз</b> <b>Сұрақ-</b> <b>жауап:</b> -Әңгіме қалай</p>	<p><i>шықты бір апта.</i></p> <p>-Өлең не туралы? <b>Дәптермен жұмыс.</b></p> <p><b>1-тапсырма.</b>Суреттерге қара. Аптаның әр күні қыздың немен айналысқанын айтып бер.Балалар аптаның әр күні бойынша қыздың әрекеттеріт уралы айтады.</p> <p><b>2+тапсырма.</b>Апта күндерін ата.Оларды үйлерге орналастыр.Үйлердің нөмірін бастырып сыз.</p> <p><b>3-тапсырма.</b>Аптаның әр күнін кемпір қосақтың түсімен боя.</p> <p>Кемпірқосақта неше түс бар?</p> <p><b>«Аптаның келесі күнін ата»дидактикалық ойыны</b> (доппен ойналады).</p> <p>Бала допты лақтырады, аптаның күнін атайды. Екінші бала допты ұстап, аптаның келесі күнін атауы кажет.</p> <p><u><b>Қазақ тілі</b></u></p> <p>Тәуелсіздік –Төрімде!</p>	<p>пішінге өзгерте білуді бекіту</p> <p>Топтық жұмыс</p> <p><u><b>Дене шынықтыру</b></u></p> <p>Салауатты өмір салты</p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.</p> <p><b>«Секір-секір» (татар халқының ойыны)</b> (4 рет) Өртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Шеңберді айналдыра құрсауларды тастайды. Балалар осы құрсау ішінде тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Секір-секір!» дегенде, ойыншылар секіріп, орындарын ауыстырады. Осы кезде жүргізуші бір аяғымен секіріп, бос орынға тұрып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Бірде-бір рет</p>
--	--	--	---	---	---



<p><b>Вариативтік компонент</b></p>	<p>қағып алу;</p> <p>«Допты еденге соқ».</p> <p>Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды.</p> <p>Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды.</p> <p>Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет</p> <p><b>Ертегілер елі</b>  <b>Тақырыбы: Қане досым , әнге қосыл</b>  <b>Мақсаты:</b>  Белсенді балаларды кейіпк</p>	<p><b>ойын:«Жалғасын тап»</b>(баланың ойлау қабілетін дамыту)  Шарты: педагог сөздің басын айтады, балалар жалғастырады.</p> <p>Менің елім... .  Менің туған жерім...  Менің Отаным т.б</p> <p><b><u>Музыка</u></b>  «Қазақстан»әні:С.Мұхамеджанов,сөзі Ғ.Жұмабаев.</p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Ән айтуда дауыс пен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>  «Туған ел» (Л. Хамиди)  <b>Ән айту:</b>  «Қазақстан»әні:С.Мұхамеджанов,сөзі Ғ.Жұмабаев  «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев)  <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b>  «Жаса, Қазақстан»  (ұнтаспада)  «Көңілді балалар» литва халық әуені  (өңдеген Т. Ломова)  <b>Билер:</b> «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)  «Асатаяқ биі» (қыздар)  («Билеп үйренейік»</p>	<p>аталады?Авторы кім?Өңгімене туралы?</p> <p>-Тәуелсіздік күні қандай мереке?</p> <p>-Қазақстан халқы бұл мерекені қалай тойлайды?</p> <p>-Тәуелсіздік мерекесін сен қалай сезінесін?</p> <p><b><u>Дидактикалық ойын:«Кім жылдам?»</u></b>(баланың ойлау қабілетін дамыту) Шарты: мақалдың басын педагог айтады, балалар жалғастырады</p> <p>Туған жерге туыңды....т(<i>тік</i>)</p> <p>Батыр туса ел ырысы,жаңбыр жауса....(<i>жер ырысы</i>)</p> <p><b><u>Дене тәрбиесі</u></b></p> <p>Лақтыру</p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Лақтыру,қағып алу,домалату:допты жоғары,жіптің үстінен</p>	<p><b>Мақсаты:</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p>-Балалар қазір жылдың қай мезгілі</p> <p>-Қазақстан Республикасының президенті кім?</p> <p>-Дұрыс айтасындар. Енді мына суреттер не көріп тұрысындар?</p> <p>-Тудың түсі қандай?</p> <p>-Тудың ортасында күн бейнеленген астында қалықтаған қыран құстың суреті бейнеленген , ал сол жақ шетінде ұлттық ою өрнектелген.</p> <p>-Мынау Қазақстанымыздың Мемелкеттік ел таңбасы.</p> <p>-Елтаңбаның негізі шаңырақ. Ол елтаңбаның жүрегі.</p>	<p>жүргізуші болмаған бала жеңімпаз саналады.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орамалды шығар»</b> (Дағыстан халқының ойыны) Ойыншылар екі топқа бөлініп, бір-бірлеріне қарама-қарсы тұрады. Араларына сызық сызылады. Әр баланың артында – белдіктерінде орамал тығулы тұрады. Балалар алдыға жылжиды. Жүргізуші: «От!» дегенде, бірінші топтың балалары қашады, екінші топтың балалары оларды қуып, орамалдарын шығарып алуға тырысады. Келесі жолы екінші топ балалары оларды қуады.</p>
-------------------------------------	--	---	--	--	---

	<p>сұрақтарға дұрыс жауап беріп, сөйлем құрастырады. Мысалы: «Қонақ біздің үйге келді», «Біз қонаққа үлкен сыйлық бердік». Барысы: Мұғалім балаларға «қонақ», «келді», «үй», «сыйлық» сөздерін ұсынады. Балалар осы сөздермен толық сөйлемдер құрастырады. Мысалы: «Үлкен қонақ үйге келді», «Қонақтар сыйлық әкелді». Мұғалім грамматикалық тұрғыдан қателіктер болса, түзетеді. «Кім қайда барады?»</p> <p>Мақсаты: Септік жалғауларын қолдана отырып, дұрыс сөйлемдер құрастыруды дамыту. Барысы: Балаларға сұрақтар қойылады: «Қонақ қайда барды?», «Үлкен қонақ не әкелді?» Балалар сол сұрақтарға жауап беріп, сөйлемдер құрастырады. <b>Математика негіздері</b> Заттар тобын бөліктерге бөлу және заттар тобын біріктіру <b>Мақсаты:</b> жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру</p>	<p>жануарларды мазалау – бұның бәрі дұрыс емес. Ал, ағаштарды қорғау, қоқысты жинау, табиғаттың тыныштығын сақтау – дұрыс әрекеттер. Тәрбиеші әрбір жағдайды түсіндіреді, балалар дұрыс әрекеттерді таңдайды. Қорытынды: Балалар табиғатта не істеуге болатынын және не істемеу керектігін түсінеді. «Қауіпсіз жол» ойыны Мақсаты: Табиғаттағы қауіпсіздік ережелерін үйрету. Ойын барысы: Балалар табиғатта жүру кезінде қауіпсіздік ережелерін дұрыс орындауға үйренеді. Тәрбиеші балаларға қауіпсіз жүріс туралы сұрақтар қояды, мысалы: «Орманда қандай жолмен жүру керек?», «Жануарлармен кездесу кезінде не істеу керек?» Балалар жауап беріп, тәрбиеші әрқайсысын түсіндіреді. <b>Көркем әдебиет Бір атаның ұрпағы</b> Мақсаты:<b>Әңгімені тыңдай алуға,және мазмұндай алуға үйрету</b> Міндеті: -Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-</p>	<p>пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша» Педагог қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көк жалаушаны желбіретеді. Дидактикалық ойын: «Қайтала»(доппен) – Балалар, мен сендерге допты лақтырып бірінші дыбысты айқынырақ айтып сөздер айтамын, ал сендер сол айқынырақ айтқан дыбысты дәл мен сияқты бәрімізге естілетіндей етіп қайталап, допты кері лақтырасындар. Мысалы: ккқасқыр(қ), ккккітап(к), бббаққа(б), вввагон(в), ғғарыш(ғ), т.б. – Балалар, осы дыбыстарды айтқанда не байқадыңдар, дыбыстарды айту оңай болды ма? – Ауыздан шығатын ауаға кедергілер жасалады екен. – Ал ол кедергілер нелер? (ерін, тіл, тіс, т.б.).</p>	<p>өте тәтті және пайдалы. Бұл сәбіз А дәруменіне бай. Сондықтан менің көруім жақсарады." <b>Математика негіздері</b> Заттар тобын бөліктерге бөлу және заттар тобын біріктіру <b>Мақсаты:</b>Бөлікке бөлу және заттардың тобын салыстыруды ойындар арқылы түсіндіру <b>Міндеті:</b> Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. «Артық, кем, тең» ойын жаттығуы. Ол үшін ойыншықтар немесе санау материалдарының жиынтықтарын орналастырады және қай жерде артық, кем немесе тең екенін салыстыруды сұрайды. Балалар мұны санау негізінде де, элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы арқылы да жасайды. «Шапалақта, тап та, есінеме!» ойыны. Педагог 7 цифры бар карточка қояды. Содан кейін ол қолын шапалақтайды немесе 2 (3, 4) рет ақырын адымдар</p>	<p>дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту; Дидактикалық жаттығу: «Тиісті текшені көтер» Педагог дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті текшені, дауыссыз дыбыстарды айтқанда, көк түсті текшені көтереді. Ойын: «Сөз тізбегі» Педагог балаларға допты беріп сөз айтады, бала сөз аяталған дыбыстан басталатын сөз бір сөз айтып допты келесі балаға береді. Ойынға барлық бала қатысыды. Сөздің басындағы және соңындағы дыбыстарды мұқият тыңдау, дұрыс айту ескертіледі. Мысалы: алша-алмұрт-тарақ-қант-тау-уық-қалам-мал-лақ-қазан-нағашы-ыдыс- сағыззәкір-рауғаш-шар-радио-ожау-уыс-сәбіз, Зарина-алқа-аю. «Дыбысты тап» дидактикалық ойыны 1. Қоңыз сөзінде дауысты «о» дыбысы нешінші буында естіліп тұр. <b>Суретсалы</b> <b>Теңіз патшалығында</b> <b>Мақсаты:</b> Теңіз өмірі мен оның тұрғындарын бейнелеу арқылы эстетикалық сезімдерін қалыптастыру. <b>Міндеті:</b> <b>Суретті</b> қарапайым қаламның</p>
--	--	--	--	--	--

	<p><b>Міндеті:</b> Заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.</p> <p>Санау материалымен жұптық жұмыс.</p> <p>Түрлі түсті, өлшемдегі және пішіндегі фигуралардың кесіндісі.</p> <p>– Алдына 5 дөңгелек қой. Үш дөңгелекті алып таста. Қанша дөңгелек қалды?</p> <p>Педагог сандары бар карточкаларды тақтаға іліп қояды.</p> <p>Балалар жұппен жұмыс істейді. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды (дөңгелекшелер, санау материалдарын) қояды, алып тастайды, санайды, қанша қалғанын атайды, өз әрекеттерін түсінідіріп отырады.</p> <p>«Сандарды бөлу» ойыны: жаңғақтар, емен жаңғағын, қиыршық тастарды және осыларға ұқсас басқа заттарды (мысалы, 6) қойылады. Оларды қарындашпен бөледі немесе қолымен жылжытып екі бөлікке бөледі. Бала санды таңдайды, тиісті дөңгелектерді толтырады.</p>	<p>салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, Әңгімені оқу.</p> <p>Ойын: «Сұрақтарға жауап бер»</p> <p>Әңгіме мазмұнына байланысты сұрақтар беру.</p> <p>Ойын: « Әңгімені жалғастыр»</p> <p>Мақсаты: Әңгімені бір бала айтады тәрбиеші тоқта деп нұсқау бергенде тоқтасай қалады. Екінші балаға жалғастыр дегенде екінші бала жалғастырады.</p> <p><b>Музыка</b></p> <p>«Жауқазын» әні: Қ.Сәтiev сөзі: М.Мұсағитов.</p> <p>Мақсаты: Балаларға «Жауқазын» әнінің мазмұны мен сипатын түсіндіру, музыка мен би қимылдарының үйлесімділігін дамыту.</p> <p>Міндеті: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>«Құстардың билеуі» ойыны</p> <p>Мақсаты: Балалардың би қимылдары мен әнді үйлестіре отырып орындау қабілетін дамыту.</p> <p>Ойын барысы: Балалар бір-бірінен қашықтап тұрып, әнді</p>	<p>– Бұлар қандай дыбыстар?</p> <p>Дидактикалық жаттығу: «Сөйлемге қажетті сөзді қос»</p> <p>– Мен сендерге бір сөзі жетіспейтін сөйлем айтамын, сендер мазмұны байланысатындай етіп сөз жалғауларың керек.</p> <p>1. Көктемде жылы жақтан құстар ... <b>Дидактикалық ойын: «Сөздің бірінші дыбысын айт»</b></p> <p>(Педагог суреттерді көрсетеді).</p> <p>– Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суретті атап, бірінші дыбысын анықтап айтасындар.</p> <p>Педагог балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейін екінші командамен ойнайды.</p> <p>Мысалы: өшіргіш(ө)</p> <p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p>Алдаркөсе мен Шықбермес Шығайбай</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға көркем әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауға ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну және әр түрлі жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырата білу дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Міндеті:</b></p> <p>-Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық</p>	<p>басады және жетіспейтін мөлшерді шапалақтап немесе аяқпен қадамдар жасап толықтыруды сұрайды.</p> <p><b>Қазақ тілі</b></p> <p>Қыстауда</p> <p>Мақсаты: Балаларға мал өсіру туралы түсінік беру, қыстау, қора, жайлау, жем, астау, соғым, сыбаға сияқты сөздермен таныстыру.</p> <p>Міндеті: Мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), «Малдың күтімі» жаттығуы</p> <p>Мақсаты: Сөздерді сөйлемдерде дұрыс қолдану дағдыларын дамыту.</p> <p>Жаттығу барысы:</p> <p>Тәрбиеші балаларға бірнеше сөздер береді (қора, жайлау, жем, астау, соғым, сыбаға). Балалар осы сөздерді пайдаланып, сөйлемдер құрауы керек.</p> <p>Мысалы:</p> <p>«Менің қорамда сиырлар бар.»</p> <p>«Жайлауға қойларды апардық.»</p> <p>«Астауға жем салдық.»</p> <p>«Соғымға қой сою жоспарлануда.»</p> <p>«Қыстау ойыны»</p> <p>Мақсаты: Балалардың</p>	<p>көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.</p> <p><b>/Жапсыру</b></p> <p><b>Теңіз патшалығында</b></p> <p>Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.</p> <p><b>/Мүсіндеу</b></p> <p>Теңіз патшалығында Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу</p> <p><b>/Құрастыру</b></p> <p><b>Теңіз патшалығында</b></p> <p>Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету.</p> <p>Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру</p> <p><b>Дене тәрбиесі</b></p> <p>Аяққа арналған жаттығулар</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың аяқ қозғалысын дамыту, координацияны жақсарту, дене шынықтыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеті:</b> Аяққа арналған</p>
--	---	---	--	--	---

	<p>Мысалы, егер 6 саны тандалса, оны 3 пен 3 немесе 4 пен 2 және т. б.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> Қыстауда Мақсаты:Балаға қыстау, мал өсіруге қатысты сөздер мен ұғымдарды түсіндіру, өз тілінде дұрыс сөйлеу дағдыларын дамыту. Міндеті:Мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), "Қорадағы мал" ойыны:</p> <p>Мақсаты: Балалар мал атауларын дұрыс айтуға үйренеді, малдар туралы түсініктері дамиды. Ойын барысы: Балаларға қорада тұрған малдар көрсетіледі. Әр балаға бір мал беріледі (мысалы, сиыр, қой, жылқы, т.б.). Олар сол мал туралы сөйлемдер құрауы керек. Мысалы: "Менің сиырым қорада тұр", "Менің жылқым жайлауда жайылады", т.б. "Қыстау неге керек?" ойыны: Мақсаты: Қыстау ұғымын түсіндіру, қыстауда мал күтімін қалай жасау керектігін үйрету.</p>	<p>тыңдайды. Әннің мазмұны мен ырғағына сәйкес құстардың ұшуын бейнелейтін қимылдар жасау керек. Тәрбиеші балаларды осы қимылдарды жасай отырып, әнді бірге орындауға шақырады. Ән айтылып жатқанда, балалар әннің сезімін түсініп, «жүрекпен» би қимылдарын қосады (қолды жоғары көтеру, айналу, ұшып жүру сияқты би қимылдары). «Жауқазынның гүлдеуі» биі Мақсаты: Әннің мәтінін сахналау және би қимылдарын шығармашылықпен жасау. Ойын барысы: Әннің сөздеріне сәйкес, балалар жауқазын гүлі сияқты ашылып, гүлдер мен жапырақтардың қозғалысын имитациялайды. Бұл би балалардың қиялын дамытады және әр қимылдың музыканың мәтінімен үндесуіне көмектеседі. Әнді орындап жатқанда балалар гүлдің бүршік атуын және гүлдің толық ашылуын бейнелейтін би қимылдарын жасайды.</p>	<p>байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, <b>Ертегіні оқу:</b> Тәрбиеші Алдаркөсе мен Шықбермес Шығайбай туралы ертегіні дауыстап оқиды. Әр бөлімді оқып болған соң, балаларға оқығандарын түсіну үшін сұрақтар қояды. Ертеңгінің негізгі оқиғалары мен кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін талқылайды. Сұрақ-жауап: Тәрбиеші ертегідегі оқиғаларды балалармен бірге талқылайды. Әрбір оқиғаны түсіндіре отырып, сұрақтар қояды: Алдаркөсе Шықбермес Шығайбайды қалай жеңді? Алдаркөсе мен Шықбермес Шығайбайдың айырмашылықтары қандай? Алдаркөсе қандай қулықтар жасады? Шықбермес Шығайбайдың әрекеттері дұрыс па еді? Себеп-салдарлық байланыс: Ертеңгідегі оқиғалардың себебі мен салдарын талқылау. Мысалы:</p> <p>Неліктен Алдаркөсе Шықбермес Шығайбайды жеңді? Шықбермес Шығайбайдың қателіктері қандай болды? Жанрларды ажырату: Ертеңгі мазмұнын талқылап,</p>	<p>сөздік қорын кеңейту және олардың логикалық ойлау қабілетін дамыту. Ойын барысы: Балаларға бірнеше мал және олардың қажеттеріне қатысты сөздер беріледі. Олар әрбір сөзге түсінік беріп, ойын барысында сол сөздерді қолданады. Мысалы: «Соғым» — "Соғым деп малды қысқы тамақ үшін соятын малды айтамыз." «Сыбаға» — "Сыбаға дегеніміз – соғымға бөлінген малдың бөліктері." <b>Музыка</b> «Көктем» әні: К.Қуатбаев,сөзі: Ж.Әтібеков Мақсаты: Ән айту дағдыларын қалыптастыру Міндеті:Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның "ре", екінші октаваның "до" диапазонда жеңіл дауыспен ән айту «Нота дыбыстарын тындау» жаттығуы</p> <p>Мақсаты: Ноталарды ажырату және дыбысты дұрыс шығару дағдыларын дамыту. Жаттығу барысы: Тәрбиеші балаларға бірінші октаваның "ре"</p>	<p>жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту <b>Ойындар:</b> "Аяқпен кедергілерді өту" Балалар әр түрлі кедергілерді аяқпен өтіп, мақсатқа жету керек. Ойынның мақсаты: тепе-теңдікті сақтау және аяқтың икемділігін дамыту. "Қадамдар" Балалар әр түрлі бағытта қадам жасап, тапсырмаларды орындайды. Мысалы, оңға, солға, артқа жүріп, аяқпен бір нәрселерді басады. Ойынның мақсаты: қозғалыс үйлесімділігі мен жылдамдығын дамыту. "Теңіз патшасының патшалығында" белсенді шығармашылық тапсырмалар. Балалар теңіз жануарларын мүсіндеу, сурет салу немесе жапсыру арқылы біріккен жұмыс жасайды.</p>
--	---	---	--	---	---

	<p>Ойын барысы: Тәрбиеші "Қыстау неге керек?" деп сұрақ қояды. Балалар кезек-кезек өз ойларын айтады. Тәрбиеші дұрыс жауаптарды қорытындылап, қыстау туралы толық түсінік береді.</p> <p><b><u>Дене тәрбиесі</u></b> Арқаға арналған жаттығулар <b>Мақсаты:</b> Арқа бұлшықеттерін күшейту және дене қимылдарын үйлестіру. <b>Міндеті:</b> Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). <b>"Желкенмен жүзу" ойыны</b> <b>Мақсаты:</b> Арқа бұлшықеттерін күшейту және дене қимылдарын үйлестіру. Ойын барысы: Балалар жерге кілем немесе кіші алаңға жатады. Тәрбиеші балаларға "Желкенді жатып жүзу" деп айтып, балалар қиғаш денемен жатуы керек. Қолдарын денесіне параллель етіп, ескекті алдап қимылдар</p>		<p>балаларға ертегі жанрының ерекшеліктерін түсіндіреді. Оларға ертегі мен басқа жанрларды (әңгіме, өлең) айырмашылықтарын көрсету арқылы жанрларды ажырата білу дағдыларын дамыту.</p> <p><b><u>Дене тәрбиесі</u></b> Арқаға арналған жаттығулар</p> <p>Мақсаты: Арқа бұлшықеттерін күшейту және дене қимылдарының үйлесімділігін дамыту. Міндеті: Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). «Алға және артқа еңкею» жаттығуы Мақсаты: Арқа бұлшықеттерін күшейту. Жаттығу барысы: Балалар тік отырады, аяқтары алға созылып, қолдары тізесінде. Тәрбиеші балаларға алға қарай еңкеюді және артқа еңкеюді 5-6 рет жасауын сұрайды. Бұл жаттығу арқа мен бел бұлшықеттерін нығайтуға көмектеседі. Балалар мұқият орындап, әрбір еңкеуді баяу және терең жасап, демалуды ұмытпау керек. «Етпетінен еңбектеу» жаттығуы</p>	<p>және екінші октаваның "до" ноталарын естіртеді. Балалар нотаны тыңдай отырып, өз дауыстарымен қайталауы керек. Әрқайсысы өз дауысы мен нотаны дәл табуға тырысады. Бұл жаттығу олардың дыбыс диапазонын дұрыс қалыптастыруға көмектеседі.</p> <p>«Көктем» әнін үйрену Мақсаты: Ән айту дағдыларын дамыту. Жаттығу барысы: Тәрбиеші балаларға «Көктем» әнінің бір жолын айтып көрсетеді. Әнді бірнеше рет қайталап, әрбір сөзді айқын және анық айтуға назар аударады. Балалар әннің сөздерін дұрыс айтып, ноталарды дұрыс шығаруға тырысады. Әннің эмоциясын сезініп, көктем мезгілінің жаңару, жылылық сезімдерін дауыс арқылы жеткізуге үйретеді.</p>	
--	---	--	--	--	--

<p><b>Вариативтік компонент</b></p>	<p>жасайды. Әрбір бала өз ретінше 5-6 рет артқа және алға еңкейіп, сол жаттығуды жасап шығады.</p> <p><b>"Етпетінен еңбектеу" ойыны</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Арқа мен қол бұлшықеттерін дамыту және дене үйлесімділігін арттыру.</p> <p>Ойын барысы: Балалар етпетінен жатып, қолдарын алға созып еңбектей бастайды. Әр бала 3 метр қашықтықты еңбектеп өтуі керек. Бұл жаттығу арқылы балалардың арқа және қол бұлшықеттері күшейіп, еңбектеу қимылы дамиды.</p> <p><b>Ертегілер елі</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды</p> <p><b>Мақсаты:</b> Кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуларын қадағалау және рөлдерін ретімен орындауға үйрету.</p>		<p>Мақсаты: Арқа мен қол бұлшықеттерін дамыту.</p> <p>Жаттығу барысы: Балалар етпетінен жатып, қолдарымен алға қарай еңбектейді. Әрбір бала 3 метр қашықтықты еңбектеп өтуі керек. Бұл жаттығу арқылы арқа бұлшықеттері мен қолдың күшін дамытуға болады. Еңбектеу кезінде дұрыс тыныс алу және дененің тік қалыпта болуы өте маңызды.</p>		
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p><b>Жақсы тәртіп сақтау:</b></p>	<p><b>Тәртіппен киіну:</b> Балаларды</p>	<p><b>Табиғатты қорғау:</b> Ойында</p>	<p><b>Киімдер мен аяқ</b></p>	<p><b>Тәртіппен киіну:</b> Балаларды</p>

	Серуен кезінде белгілі бір тәртіпті сақтау, қашықтықты сақтау және қауіпсіздікті ескеру.	киімдерін, аяқ киімдерін өз бетінше киюге үйрету.	балаларға табиғатты қорғау және қоршаған ортаны құрметтеу маңыздылығын түсіндіру.	<b>киімдерді дұрыс кию" ойыны:</b> Балаларға бірнеше киім мен аяқ киімдер беріледі, олар соларды дұрыс ретімен кию керек. Бұл ойында балалар киімдерді өздігінен дұрыс киюге үйренеді (аяқ киім, шапка, қолғап, куртка және т.б.).	киімдерін, аяқ киімдерін өз бетінше киюге үйрету.
<b>Серуен</b>	№ 57 серуен картотекасы. Бақылау: Уақыттың өзгеруін бақылау. Жыл мезгіліне байланысты қыста күннің қысқарып, түннің ұзаратындығын бақылауға үйрету. Еңбек: Жүретін жолды қардан тазалау. Жеке жұмыс: Бір бағытта белгіленген нысанаға қар лақтыру. Қимылды ойын: «Қасқыр мен қоян» Мақсаты: Шапшандыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу. Өзіндік іс – әрекет: өз беттерімен тақпақтар айту.	№ 58 серуен картотекасы. Бақылау: Көліктерді бақылау. Көліктерді, олардың түстерін, түрлерін ажырату. Еңбек: Айналаны ұқыпты ұстайық! Балаларды ұқыптылыққа, еңбекке баулу. Жеке жұмыс: жұмбақтар шешу: Орманда жоғары Ағашқа қонады, Тұмсығын балға етіп, Тоқ, тоқ соғады. (Тоқылдақ) Мақсаты: балалардың ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Қимылды ойын: «Паровоз» Мақсаты: балаларды саппен жүруге үйрету, ынтымақтастыққа, бауырластыққа тәрбиелеу. Өзіндік іс – әрекет: Шаштарын әдемілеп тарау, жинау	№ 59 серуен картотекасы. Бақылау: Боранды күнге бақылау жасау. Жердің жерден көп қарды қалай көтеріп, боран соғатындығын бақылату. Еңбек: Жаңа түскен қардан жолды аршыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Жыланша ирелендеп жүру. Бір боймен жүруді үйрету. Қимылды ойын: «Түлкі мен тырналар» Мақсаты: Бірігіп ойнауға үйретуді жетілдіру. Өзіндік іс – әрекет: «Нан қиқымын шашпайық!» Нан қиқымын жинау	№ 60 серуен картотекасы. Бақылау: Жарқыраған күннің астында балалардың көңілін көтеру, қыстың қарлы аязына бақылау жүргізу. Мамықтай ұлпа Қанттай ақ. Еңбек: Құстардың жемсауыттарын тазалау. Жеке жұмыс: Екі – екіден шамамен сырғанау. Бірлікке, ынтымаққа тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Соқыртеке» Мақсаты: Шапшандыққа, сезгіштікке тәрбиелеу. Өзіндік іс – әрекет: балықтарға жем беру.	№ 9 САБАҚ. «ҚАУІПСІЗ АТТРАКЦИОНДАР. ОЙЫН-САУЫҚ САЯБАҒЫНДА ӨЗІНДІ ҚАЛАЙ ҰСТАУ КЕРЕК?» Ұзақтығы:25-30 минут Топ/сынып:мектеп алды даярлық тобы/сынып(5 жастағы балалар) Ұйымдастырылған іс-шараның мақсаты: жазатайым оқиғалар мен жарақаттануды болдырмау мақсатында балаларға аттракциондар мен ойын-сауық саябағында қауіпсіздік ережелерін үйрету. Міндеттері: Балаларды аттракциондардағы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Саябақтағы қауіпсіздік сақтаудың маңыздылығын түсіндіру. Аттракциондарда қауіпсіздік белбеулері мен басқа да қорғаныс құралдарын дұрыс пайдалануға дағдыландыру. Материалдар мен ресурстар: аттракциондар мен ойын-сауық саябағындағы жағдайлардың иллюстрациялары немесе суреттері, аттракциондардағы қауіпсіздік ережелері жазылған карточкалар. Ұйымдастырылғаніс-әрекет:

					Балаларды қарсы алу. Аттракциондардағы қауіпсіздіктің маңыздылығы туралы әңгімелесу. Аттракциондардағы қауіпсіздік ережелерін талқыла
<b>Серуеннен оралу</b>	<b>Қолды жуу</b> — балалардың ең бірінші орындауы тиіс әрекеті. Серуенде балалар түрлі жерлерге қол тигізіп, сыртта жүрген соң олардың қолдарында микробтар мен бактериялар болуы мүмкін.	<b>Шешіну және киімді дұрыс сақтау:</b> Серуеннен кейін балаларды шешініп, киімдерін дұрыс сақтау қажет. Балалардың сыртқы киімдерін шешіп, оларды сақтайтын орынға қою керек.	<b>Сыныптың тазалығын сақтау:</b> Серуеннен кейін сыныптың тазалығын сақтау үшін балаларды бірге тәртіпті сақтауға үйрету. Мұғалім балаларға сыныптың жинақы болуын және серуеннен кейінгі кез-келген қажетті әрекеттерді орындауды ұсынуы мүмкін.	<b>Шешіну және киімді дұрыс сақтау:</b> Серуеннен кейін балаларды шешініп, киімдерін дұрыс сақтау қажет. Балалардың сыртқы киімдерін шешіп, оларды сақтайтын орынға қою керек.	<b>Сыныптың тазалығын сақтау:</b> Серуеннен кейін сыныптың тазалығын сақтау үшін балаларды бірге тәртіпті сақтауға үйрету. Мұғалім балаларға сыныптың жинақы болуын және серуеннен кейінгі кез-келген қажетті әрекеттерді орындауды ұсынуы мүмкін.
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> Әділет қаламды дұрыс қолдануға үйрету. <b>Сурет салу</b> Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> Нұр түстерді ажырата білуге үйрету. <b>Сөйлеуді дамыту</b> Қарым- қатынас іс –әрекеті	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> Нұр дәулет құрастыруға деген қызығушылығын арттыру. <b>Құрастыру</b> Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> Әділет қаламды дұрыс ұстауға үйрету. <b>Қоршаған ортамен танысу</b> Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	<b>Жеке баламен жұмыс:</b> Нұр дәулет суретті ұқыпты, толық бояу қажеттілігін айтып түсіндіру. <b>Сурет салу</b> Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті
<b>Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)*</b>	4. «Шеңбердегі ойын» (Жұмбақтар) Мақсаты: Балалардың зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: Қағаз парақтарындағы жұмбақтар. Ережелер: • Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне қазақша жұмбақтар айтады. • Жұмбақты дұрыс шешкен бала келесі жұмбақты айтады.	«Сақина салу» Мақсаты: Балалардың көзбе-көз қабілетін дамытып, ойын арқылы шапшаңдыққа тәрбиелеу. Құралдар: Кішігірім сақина немесе дөңгелек зат. Ережелер: • Бір бала сақинаны немесе басқа дөңгелек затты ұстап тұрады, ал қалған балалар сыныпта жүріп, сақинаны жасырын түрде бір-біріне береді. • Балалар сақина кімде екенін табуы керек.	«Асық ату» (Мини-версия) Мақсаты: Балалардың көз жеткізу қабілеттерін дамыту. Құралдар: Асық (ұсақ заттар да қолдануға болады), белгіленген алаң. Ережелер: • Балалар сыныптың ішінде асықтарды белгіленген алаңға дәлдеп атуы керек. • Ойын баланың дәлдігі мен ептілігін тексереді. Асықтың орнына ұсақ резеңке заттарды пайдалануға болады.	Қаражорға» (Шағын нұсқасы) Мақсаты: Балалардың би мен қозғалыс дағдыларын дамыту. Құралдар: Музыка. Ережелер: • Балалар қазақтың дәстүрлі биі «Қаражорға» биін сынып ішінде шағын орынмен билейді. • Бұл ойын денені шынықтырып, балаларды би қадамдарымен таныстырады. Бұл ойындар балалардың	Ұлттық үстел үсті ойындары «Асықты тез ал», «Қыз қуу», «Шертпек» ойындарын ойнау Мақсаты: Қол маторикасын, логикалық дамыту

	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ойын балалардың қазақтың дәстүрлі жұмбақтарын білулеріне мүмкіндік береді.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Тақырыпты өзгерту арқылы қазақтың ұлттық ойындарын жандандырып, балаларға қызықтыруға болады.</li> </ul>		қимыл-қозғалыстарын, ойлау қабілеттерін, ептіліктерін арттырып, қазақтың ұлттық мәдениеті мен дәстүрлеріне деген қызығушылықтарын оятады.	
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	<p><b>Өнегелі 15мин</b>  <b>Қатынастарды нығайту</b>  <b>Кеңес:</b> Баламен сөйлескенде оның пікірін тыңдауға және түсінуге тырысыңыз. Баланың эмоцияларына назар аударыңыз, бұл сіздерге сенімді қатынас орнатуға көмектеседі. Не үшін маңызды: Баланың эмоционалдық дамуы үшін оның өзін құрметті және түсінілген сезінуі өте маңызды. •«Өнерліміз, өркенбіз» (тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының арасында) Қол бұйымдарының көрмесі</p>	<p><b>Өнегелі 15мин</b>  <b>Қалыпты режим мен тәртіп орнату</b>  <b>Кеңес:</b> Баланың күнделікті өмірін белгілі бір режимге салуға тырысыңыз: ұйықтау, тамақтану, оқу және ойын уақыттарын нақты белгілеңіз. Не үшін маңызды: Режим баланың қауіпсіздік сезімін арттырады және оған күнделікті өмірде тұрақтылық береді.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Энергияны үнемдеу: Энергияны үнемдеу бойынша қарапайым ережелерді үйретіңіз, мысалы, электр жарығын қажетсіз сөндіру, электр құрылғыларын пайдаланбаған кезде қосулы қалдырмау. Балаларға «жарықты үнемдеу» ойынын ойнау арқылы бұл ережелерді үйретуге болады.</li> </ul>	<p><b>Өнегелі 15мин</b>  <b>Кітап оқу мен білім алуға ынталандыру</b>  <b>Кеңес:</b> Өр күнде кем дегенде 10-15 минут кітап оқыңыз. Кітап оқу балаға тіл дамытуға, қиялға ерік беруге және жаңа білім алуға көмектеседі. Не үшін маңызды: 5 жастағы балалардың сөздік қоры мен оқу дағдылары қалыптасып келеді, сондықтан кітап оқу маңызды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Суды үнемдеу: Балаларға суды тек қажетті мөлшерде пайдалану қажеттігін түсіндіріңіз. Су төгілетін жерлерде су ағып тұрған кезде оны жапуды үйретіңіз. Жуыну мен қол жуу кезінде суды үнемді пайдалану дағдыларын қалыптастырыңыз.</li> </ul>	<p><b>Өнегелі 15мин</b>  <b>Жеке және топтық ойындар</b>  <b>Кеңес:</b> Баланы жеке ойындармен қатар топтық ойындарға да қатыстыруға тырысыңыз. Бұл оның әлеуметтік дағдыларын дамытуға көмектеседі. Не үшін маңызды: Баланың әлеуметтік дағдылары оның басқа балалармен қарым-қатынас жасауына және топта жұмыс істеуге көмектеседі.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Энергияны үнемдеу: Энергияны үнемдеу бойынша қарапайым ережелерді үйретіңіз, мысалы, электр жарығын қажетсіз сөндіру, электр құрылғыларын пайдаланбаған кезде қосулы қалдырмау. Балаларға «жарықты үнемдеу» ойынын ойнау арқылы бұл ережелерді үйретуге болады.</li> </ul>	<p><b>Өнегелі 15мин</b>  <b>Эмоцияларды басқару мен өзін-өзі реттеу</b>  <b>Кеңес:</b> Баланың эмоцияларын басқаруға үйрету үшін оның ашу-ызасын, қуаныш, қорқыныш секілді сезімдерін ашық көрсетуіне мүмкіндік беріңіз. Қиын сәттерде баланы сабырға шақырып, оның эмоцияларын түсіну маңызды. Не үшін маңызды: Баланың өзін-өзі реттеуі оны қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға үйретеді және оның психоэмоционалды тұрақтылығын нығайтады. Суды үнемдеу: Балаларға суды тек қажетті мөлшерде пайдалану қажеттігін түсіндіріңіз. Су төгілетін жерлерде су ағып тұрған кезде оны жапуды үйретіңіз. Жуыну мен қол жуу кезінде суды үнемді пайдалану дағдыларын қалыптастырыңыз.</p>



